

Мерейтойың құтты болсын, Жақсы аға!

Өңірімізге танымал жазушы – журналист Жақсылық Жүнісұлы 80 жасқа толып отыр. Ағамыз, бар ғұмырын ақпарат – шығармашылық саласына арнап, елдің ыстық ықыласына бөленген жан.

Табиғатпен берілген қарым – қабілетін еңбекқорлыққа ұштастырудың арқасында биіктерді бағындыра алды. Ол биіктік – айналаңыздың өзіңізге деген құрметі мен кейінгі ұрпақ игілігі үшін жазып қалдырған бірнеше кітаптарыңыз болса керек.

Жақсылық Жүнісұлы еңбек жолын Жангелдин аудан-

дық атқару комитетінің нұсқаушылығынан бастап, кейін жанына жақын мамандық тілшілікке бет бұрып, «Жаңа өмір» газетіне қызметке ауысты. Қаламгерлікке құштарлығы қара шаңырақ білім ордасы ҚазҰУ-не жетелеп әкеліп, журналист мамандығын меңгеріп шықты. Әрі қарай кәсіби тілші ретінде 1968 ж. арнайы жолдамамен облыстық «Коммунизм таңы» (бүгінгі «Қостанай таңы») газетінің редакциясына жұмысқа қабылданып, сол жерде ұзақ жыл жемісті еңбек етіп, облыстық «Торғай таңы» газетінің бөлім меңгерушісі, редакцияның жауапты хатшысы, редактордың орынбасарлығына дейінгі жауапты қызметтерді абыроймен атқара білді.

Жақсылық ағаның қаламынан туған тұшымды дүние-



лер оқырманды бей – жай қалдырмай, ерекше әсерге бөлері анық. Ақпаратты талдап – таңдап жазудағы шеберлігі бір

төбе.

Жарты ғасырға жуық қағаз бен қаламды серік етіп, өңіріміздің ақпарат саласын дамытуға қосқан ерен еңбегі еленбей қалған жоқ. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, Арқалық қаласының құрметті азаматы сынды атақ – марапаттарға ие болды.

Елдің ыстық ықыласына бөленіп 80 жасыңызды тойлағалы отырған Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Әрі қарай да мәнді мағыналы ұзақ ғұмыр кешуіңізге тілектеспіз. Деніңіз сау, отбасыңыз аман болып, әрқашан жүзіңіз қуаныштан жадырап жүрсін!

«Арқалық хабары» газетінің ұжымы